

ӘОЖ 2:316.3

\*А.Е. Мирсеитова<sup>1</sup>, М. Құрманғазықызы<sup>2</sup><sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ассистент, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: mirseitova\_ainur@mail.ru

### Касталық жүйенің үнді қоғамындағы мәні мен ерекшеліктері

Бұл мақалада касталық жүйенің Үнді қоғамындағы орны және оның Үндістанның өміріне тигізген ықпалы талданған. Касталық жүйе тақырыбы үнді қоғамындағы тарихи кезеңдерді бір-бірімен жалғастырушы болып, қоғамдық таптардың мәнін ашып көрсету үрдісінің негізін құрайды. Сондықтан үнді қоғамындағы касталық жүйе тақырыбын зерттеу мәселесі өзекті. Касталық жүйе үнді қоғамын тануға жетелейтін бір арна болғандықтан, оның үнді дүниетанымындағы орны, тарихи ахуалдары, үнділердің рухани өміріне тигізген әсеріне, қоғамдық таптардың мәнін және ерекшеліктерін ашып көрсетуіне баса назар аударылады.

**Түйін сөздер:** каста, джати, варна, веда, термин, далит, кшатрий.

А.Е. Мирсеитова, М. Құрманғазықызы

### Значение и особенности кастовой системы в индийском обществе

В данной статье раскрыта основная информация о значении и особенностях кастовой системы в индийском обществе.

**Ключевые слова:** каста, джати, варна, веда, термин, далит, кшатрий.

А.Е. Mirseitova, M. Kurmangazykyzy

### Meaning and singularities caste system in indian society

This given article is about the caste system, its meaning and singularities in the indian society.

**Keywords:** caste, джати, Varna, веда, the term, dalit, kshatry.

«Каста» – (casta) португал тілінен аударғанда «шығу, пайда болу», «таза, табиғи» деген мағынаны білдіреді. «Каста» термині Қытай, Жапония, ежелгі Египт, Үндістан қоғамына тән, бірақ, ең алдымен, Үндістан субконтинентіндегі үнді қоғамына тән. Сондай-ақ «Каста» термині басқа тап өкілдерін өздерінен алшақ ұстап, белгілі бір заңдары мен ережелерін қатал ұстанатын әртүрлі қоғамдық таптардың мәнін ашып көрсету үшін де қолданылады.

«Каста» термині алғаш рет Үндістанда XVII ғасырда қолданысқа ие бола бастаған. Сондай-ақ голландықтар да «каста» терминін XIX ғасырдан бастап қолдана бастаған. Үндітанушы ғалымдар және этнографтар «каста» терминін

және оның қоғамдағы рөлін зерттей келе, басқа да оңтүстік-шығыс Азия елдерінде де касталық жүйенің бар болғанын және қазір де бар болу болжамын айтқан.

Үнді қоғамындағы «каста» терминіне тән ең басты ерекшеліктер: эндогамия (тек бір касталық топ өкілдері арасында тұрмыс құру); басқа касталық топ өкілі болуға ешқандай құқықтың болмауы, яғни тек бір касталық топқа жату, сол касталық топтың өкілі болу; басқа касталық топ өкілдерімен ешқандай қарым-қатынаста болмау; тек өз касталық тобына байланысты кәсіп таңдау және тек сол кәсіппен айналысу. Б.з.д. 1500-1200 аралығында Үндістанды қоныстанған арий тілінде сөйлеген халық сол кезден бастап

төрт варнаға (санскрит тілінен аударғанда वर्ण «түс» деген мағынаны білдіреді) бөлінген:

1. Брахмандар – діни қызметтегі адамдар.
2. Кшатрилер – әскерлер, жауынгерлер.
3. Вайшилер – сауда, мал және жер шаруашылығымен айналысатындар.
4. Шудрлар – әр түрлі қызметтегі адамдар.

Қоғамға тереңінен сіңіп, тамырын жайған касталық жүйенің Үнді қоғамында алар орны зор және Үнді қоғамы үшін мәні өте терең. Үнділердің наным-сенімі бойынша әр кастаның өзіне тән ережелері мен заңдары қатаң сақталу керек. Кімде-кім өз кастасының заңдарын қатаң сақтаса, келесі жаратылысында жоғарғы каста өкілі боп өмірге келеді, ал кімде-кім, керісінше, белгілі бір заңдарына қайшы келсе, келесі өмірінде өз қоғамдық мәртебесін жоғалтады деп сенеді. Ғасырлар бойы Үнді қоғамындағы касталық жүйенің алар орны мен мәні айтарлықтай кең және оңайшылықпен өзгертуге келмеген. Қазіргі таңда да Үндістанда касталық мәселелер өз орнын алып келеді. Б.з.д 269-232 жж. аралығында Үндістанда Ашок императорының басқаруымен келген буддизм дінінің де кастаға еш әсері болмады. Будда дінінің құлауымен орнын индуизм діні басты. Соған байланысты басында қарапайым боп көрінген төрт варнадан әр түрлі сан алуан топтар мен жүйелер қалыптасты. Әр варна уақыт өте келе эндогамиялық каста, яғни джатиға бөлінген. Сонымен, касталық жүйенің Үнді қоғамында нақты бекітіліп, тарап отырғаны соншалық, не Үндістанға мұсылмандардың келуі, не ағылшындықтардың басуы бұл жүйені тамырымен жұлып алып тастай алмады.

Үндістанның бүкіл аймағында өзіндік касталық топтар қалыптасқан және қазіргі таңда касталық жүйенің үнді қоғамында өз күшіне ие болуының арқасында мыңдаған әртүрлі касталық терминдер қолданылып келеді. Касталық терминологиясы арий тайпалар кезеңінен бастап санскрит тілінен еніп, қоғамда кеңінен қолданыла бастаған. Ол терминдердің Үнді қоғамында мәні зор. Яғни әр терминге сәйкес әр касталық топ өкілдері өздеріне сәйкес кәсіппен айналысады. Ең жоғарғы каста өкілдері – «брахмандар». «Брахман» – санскрит тілінен аударғанда «brahman» сөзінен, яғни «brahmana» (Деванагари ब्राह्मण) – «абыз» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар Випра, Двиджа, Двиджоттама, Бхусура (жердегі Құдай) терминдерімен сино-

ним болып келеді. Ауылда және кішігірім аудандарда жоғарғы каста өкілдерінің 5-10% бір немесе бірнеше брахман кастасы құрайды. Солардың ішінде жер иемденушілер, бірнеше кеңсе хатшылары мен есепшілер, жергілікті храмдар мен қасиетті жерлерде қызмет жасайтын қызметшілер де кездеседі. Кшатрий касталық тобы жауынгерлер мен әскерлер. Кей ғалымдардың зерттеуі бойынша кшатрийлер ежелден бері әскери қызметті атқарып келген, қызу қанды болады. Келесі касталық топ вайшилер саудамен және қолөнермен айналысқан. Ал шудрлар үнді қоғамындағы жоғарғы касталық топтарға қызмет жасаған, яғни оларды құл деп есептеген. Үнді қоғамындағы шудрлардан да төменгі касталық топты «қоғамнан сырылып тасталыңғандар» деп атаған. Оны касталық терминологияда «ачхуттар – अच्युत» деп атаған. «Ачхут» термині арий кезеңінен бастап қолданыста болғаны және санскрит тілінен енгені бізгі мәлім. «Ачхуттарды» жоғарғы касталық топтар лас деп есептеген және оларды ортақ қоғамдық жерлерге жолатпаған. Оларға ортақ құдықтан су алуға, ортақ индуистік храмдарға баруға, ортақ көшелермен жүруге тыйым салынған. Олар тіпті қоғамнан шеттетілген аймақтарда өмір сүрген [1, 148, 150, 153-154].

Касталық терминологияда «қоғамнан сырылып тасталынған касталық топтағыларды» «далиттер» деген термин арқылы түсіндіреді. «Далит – दलित» термині санскрит тілінен бастау алып, «жер», «жаншылған» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді алғаш рет XII ғасырда Джотирао Шутт енгізген болатын [2, 4].

Үнді ғалымы В. Премасагардың айтуынша, «далит» термині «әлсіздік, кедейлік және жоғарғы касталық топтардың кемсітуі, қорлауы» деген мағынаны білдіреді [3, 108].

М. Ганди өз терминін ойлап тауып, «далиттер» терминін «хариджан» терминімен алмастырды. Оның тікелей аудармасы «Құдайдың балалары» дегенді білдіреді [4, 108].

Үндістан үкіметі «далиттердің» жағдайын қоғамда жақсарту үшін көптеген шаралар жүргізген және ресми құжаттарда «қоғамнан сырылып тасталынғандарды» «далиттер» деп атамауға үкім шығарып, әр штатта өзіндік терминдер ойлап тапқан. Мәселен, Тамил Наду, Карнатака, Андхра Прадеш және Пенджаб штаттарында ресми құжаттарда «дравидтерді» басқаша терминдермен таныстырады. «Ади Дра-

вида», «Ади Карнатака», «Ади Андхра», «Ади Дхарми» терминдері жоғарыда аталған штаттарда ресми құжаттарда қолданылатын терминдер. «Ади» префиксі мемлекеттің түпкі тұрғындары деген мағынаны білдіреді [5, 46].

Үндістан Конституциясы касталық жүйе бойынша касталық топтардың дискриминациясына қатаң түрде тыйым салған. Соған қарамастан касталық жүйенің өзі осы уақытқа дейін қоғам санасынан кеткен жоқ [6, 46]. 2007 жылы Нью-Йорк университетінің заң факультетіндегі ұйымдасқан мүшелері Біріккен Ұлттар Ұйымына берген баяндамасында Оңтүстік Азияда «далиттерге» қарсы қанаулар, теңсіздіктер және дискриминация әлі де бар, өз күшін жоймады деп, касталық топтарға бөліну мәселесін қойған [7]. Бірақ Үндістан өз тәуелділігін алғаннан соң «далиттерге» көптеген жағдайлар жасалынды. Олардың елмен қатар білім алып, жұмыс жасауға көптеген мүмкіндіктер, денсаулақтарына байланысты емдер қабылдауға да айтарлықтай жұмыстар жасалынды.

Сондай-ақ «далиттерді» басқа да терминдермен синоним ретінде қолданады. Мәселен, «панчамас» (бес топқа бөлінетін варналар) және «аспрушия» (қоғамнан сырылып тасталынғандар) терминдері де Үндістанда төменгі касталық топты білдіру үшін қолданылады.

2001 жылғы санақ бойынша Үндістандағы «далиттердің» саны жалпы халықтың 16,2% құраған [8]. Пенджаб штатында 2001 жылы ең жоғарғы көрсеткіш болған. 29% «далиттер» құраған. Үндістан үкіметі «далиттер» касталық тобын қоғамға қосып, олардың құқықтарын толығымен қорғауда [9].

«Далиттер» касталық тобы тек Үндістанда ғана емес, сондай-ақ көршілес Непал, Пәкістан, Бангладеш мемлекеттерінде де бар. Бұл арий кезеңіндегі арий тайпаларының осы аймақтарда мекен ету барысында пайда болған.

Жоғарыда айтылғандай, үнді қоғамы төрт касталық топтарға бөлінген. Солардың ішінде қоғамнан сырылып тасталынғандар да бар.

Үнді қоғамында ежелден келе жатқан жазбалар болған. Соның ішінде діни жазбалар ведалар және заң туралы жазбалар. Кей заң жазбаларында касталық топтарға қатты көңіл бөлінген, ал кей жазбаларда касталық топтарға ортақ, бәріне бірдей қараған. Сондай-ақ ежелгі үнді жазбаларында касталық жүйе және

касталық топтар жайында нақты бір келісімді түрде көрсетілмеген. Үндістан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Үндістан Конституциясында 1108 касталық топ аталып көрсетілген. Әр касталық топтың өзіне тән санскрит тілінен енген термині бар. Ол терминология туралы орыс үндітанушысы филологиялық тұрғысынан зерттемесе де, әр касталық топтың атауларын өз еңбегінде көрсеткен.

Үнділердің жалпы түсініктері бойынша және діни наным-сенімдері бойынша касталық жүйе ежелгі арий кезеңінен бастап діни негізде пайда болған. Сол кездегі арий тайпаларының үндіеуропалық тілдерде сөйлеуі және санскрит тілінің әсері барысында арий тайпалары касталық терминологияны санскрит тілі негізінде құрастырып кеткен. Бірақ ғалымдардың зерттеулеріне және еңбектеріне сүйенсек, касталық жүйе қандай негізде пайда болғаны нақты айтылмайды. Кей ғалымдар саяси және мемлекетті басқару керек болған себептер негізінде пайда болып, дамыған десе, енді бір ғалымдар діни негізде пайда болған деп айтады. Бірақ көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, касталық жүйе мен касталық терминология діни негізде қалыптасқан. Оны біз ежелгі үнді қасиетті жазбаларынан көре аламыз.

Ведаларда ежелден үнді қоғамындағы касталық жүйе туралы айтылып кеткен. Үнді халқының діни наным-сенімі туралы, өздеріне тән діни түсініктері бойынша касталық жүйе туралы мәселені индуизм дінін, соның ішінде кришнаизмді зерттеуші үнді діни ғалым Шрила Прабхупада ведалардағы, атап айтқанда, «Бхагаватгита» жазбаларында касталық жүйе мәселесі туралы былай дейді: «Кришна былай деп айтқан: «чатур-варйам майа срштам гуна-карма-вибхагашах», яғни мен адамдарды олардың сапасына және айналысатын кәсібіне байланысты төрт топқа бөлдім деген. Мәселен, қоғамда инженерлермен қатар дәрігерлер де бар. Бірақ біз инженерлер тобы және дәрігерлер тобы деп бөлмейміз. Міне, осыған сәйкес Бхагаватгитада төрт топ түрі көрсетілген. Олар жоғарғы дәрежеде ойлайтындар тобы, басқарушы топ, өндіріс тобындағы адамдар және қара жұмыстағы адамдар. Міне, осыған қарап касталық топтар пайда болған. Мысалы, бірінші топтағы адамдар аса жоғарғы қабілетті. Сондықтан Бхагаватгитада айтылғандай, олар жақсы дәрігер немесе инженер болу үшін жоғарғы дәрежеде білім алып, өз

тобына сәйкес болуы керек. Осыған сәйкес біз сондай дәрежедегі адамдарды өз ақыл-ойын, сезімдерін қалай ретке келтіру, қалай түзу жолмен жүру, ішкі және сыртқы дүниесін қалай таза ұстау керектігін, данышпандықтың жолын, алған білімін тәжірибеде ұқыпты қолдана алуын және Құдайға деген сенімі мен сезімін бақылап, ретке келтіруіне көмектесіп, үйретеміз. Кез келген брахман отбасында дүниеге келген адам өзін брахман, жоғарғы топ адамы деп санауы мүмкін, бірақ егер де оның ішкі жан-дүниесі, жасаған іс-әрекеті, тәрбиесі және білімділігі брахмандарға сай келмесе, оны жоғарғы топ адамы деп айтуға болмайды. Біз ондай адамдарды жоғарғы дәрежелі топқа жатқыза алмаймыз. Мәселе адамның қай ұлт екенінде, оның жоғарғы немесе төменгі топтан шыққандығында емес. Мейлі ол үнді болсын немесе еуропалық немесе америкалық болсын, егер оның ойлау дәрежесі жоғары және тәрбиесі соған сай болса ол жоғарғы топтағы адам болып саналады».

Үнді қоғамындағы касталық жүйе мен касталық терминдер туралы алғашқы мәліметтер діни тұрғыда жазылған Ведаларда анық көрсетіліп кеткен. Ведалар ежелгі арий тайпалары кезеңінде жазылған. Сол мәліметтерді зерттей отыра біз касталық жүйенің тамыры сонау арий кезеңінен тарағанын анық байқаймыз және қазіргі таңның өзінде үнді қоғамында касталық жүйе, соған сәйкес хинди тіліне касталық терминдердің ауадай қажет екеніне көзіміз анық жетуде.

Осылай касталық жүйені касталық топтарға немесе варнаға бөлген. Үнді қоғамының баға жетпес қасиетті діни жазбалары «Ригведада» касталық жүйе немесе «варна» термині көрсетіліп кеткен. Бұдан біз үнді қоғамында касталық жүйенің мәні мен маңыздылығын байқаймыз. Сонымен, «варна» термині санскрит тілінен аударғанда «тек, түр, пейіл, мінез-құлық» деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар «Ригведаны» зерттей келе «варна» терминологиясының кеңінен қолданылатынын атап кеткен. Варна-

ларды топтарға жіктеу алғаш рет осы қасиетті діни «Ригведа» жазбаларында көрсетілген.

«Ригведа» сонау арий кезеңінде жазылып кеткен. Ал касталық топтарға бөліну арий тайпалары кезеңінде пайда болған. Сондықтан кей үндітанушылардың айтуы бойынша, касталық жүйе үндіеуропалықтардың әртүрлі топтарға бөлінуі барысында пайда болған, нақтырақ айтқанда, үндіеуропалықтар көптеген тайпалардан тұрған, сондықтан оларды ажырату үшін немесе топтарға жай ғана бөлу үшін касталық жүйенің рөлі маңызды болған [10, 411].

Сондай-ақ үнді қоғамында «джати» термині де кеңінен қолданылады. Санскрит тілінен аударғанда «солай туылған, дүниеге келген» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин үнді қоғамында мыңдаған топтарды, әртүрлі тектегі адамдарды, қоғамдағы әр түрлілікті білдіру үшін қолданылады. Бұл терминді үнділер көбіне діни жағынан қолданады. Мәселен, әртүрлі діни наным-сенім бойынша немесе белгілі бір айналысатын кәсібі бойынша немесе өзі шыққан тегі бойынша үнді халқы джатиарға бөлінеді. «Джати» термині «касталық жүйе» немесе «варна» терминдерімен синонимдес болып келеді.

Үнді қоғамында көптеген касталық топтардың болуы үнді мәдениетін, үнді қоғамының ерекшелігін көрсетеді. Үндістанда касталық топтар тегіне, сондай-ақ тұратын жерлеріне байланысты да бөлініп, өзінше бір атауға ие болады. Мәселен, Оңтүстік және Солтүстік Үндістан халықтарының айналысатын кәсібіне баланысты өз касталық топтары болады.

Осылай касталық жүйе мен касталық терминологияның үнді қоғамындағы мәні мен үнділер үшін маңыздылығын байқауға болады. Табиғаты бойынша үнді халқы діни адамдар десек қате болмас, себебі жоғарыда айтылғандай, діни қасиетті жазбаларда касталық жүйе көрсетілген. Сондықтан болар үнділер үшін, үнді қоғамы үшін касталық жүйе айтарлықтай маңызды.

### Әдебиеттер

- 1 Маркс К. Ниццета философия. – М. – 1857-58. – 148, 150, 153-154с.
- 2 Hutton J.H. The Castes in India.
- 3 Oliver Mendelsonh. The untouchables: subordination, poverty and the state in the modern India. – М. – 1998. – 4р.

- 4 Premasagar V. Indian Experience in Translation and Interpretation of some Biblical Passages (Chennai: Christian Literature Society). – М., – 2002. – 108p.
- 5 Srinivas M.N. Dalit word un-constitutional says SC. Express India. 27.09.2008
- 6 Leslie J. Authority and meaning in Indian Religions. – М. – 2004. – 46p.
- 7 Маркс К. Выдержки из Конституций Индии. Левому краю. 1997 г.// www.india.ru
- 8 Маркс К. Индия: «Скрытые апартеида» дискриминация в отношении далитов» 13 февраля. Проверено 20 ноября 2011 года.// www.india.ru
- 9 Арун Кумар. «Касты и племена населения: переписи населения 2001года». Правительство Индии, 2004.
- 10 The Constitution (Scheduled Castes) 1950.

### References

- 1 Marks K. Nisheta filosofii. – М., – 1857-58. – 148, 150, 153-154s.
- 2 Hutton J.H. The Castes in India.
- 3 Oliver Mendelsonh. The untouchables: subordination, poverty and the state in the modern India. – М. – 1998. – 4p.
- 4 Premasagar V. Indian Experience in Translation and Interpretation of some Biblical Passages (Chennai: Christian Literature Society). – М. – 2002. – 108 p.
- 5 Srinivas M.N. Dalit word un-constitutional says SC. Express India. 27.09.2008
- 6 Leslie J. Authority and meaning in Indian Religions. – М. – 2004. – 46 p.
- 7 Marks K. Vyderzhki iz Konstitucii Indii. Levomu Krau. 1997 g.// www.india.ru
- 8 Marks K. India: «Skrytye aparteida» diskriminacia v otnoshenii dalitov» 13 fevralya. Provereno 20 noyabrya 2011 goda.// www.india.ru
- 9 Arun Kumar. «Kasty i plemena naselenya: perepiski naselenya 2001goda». Pravitelstvo Indii, 2004 g.
- 10 The Constitution (Scheduled Castes) 1950.